

Но все-таки более прославился как знаток степного скотоводства разных видов [8]. В 1910 году выступал в Санкт-Петербурге на Всероссийском съезде по вопросам массового улучшения скота. Его статья «Животноводство в киргизских степях и меры к его улучшению», которая неоднократно переиздавалась, до сих пор популярна среди ученых. Впервые же она была напечатана в омской газете «Сельскохозяйственный листок» за 28 сентября, 5, 12 и 19 октября 1903 года.

С 1 по 8 марта 1914 года в Самаре проходил съезд по борьбе с чумой, на котором В.Я. Бенькевич сделал доклад «О распространении сусликов и борьбе с таковыми в Тургайской области». В 1918 году в Оренбурге была издана его книга «Животноводство в Тургайской области и его экономическое и хозяйственное значение для населения».

В.И. Бенькевича ученые Южного Урала и Северного Казахстана почитают как ветеринара, животновода, экономиста, социолога, этнографа и краеведа. К сожалению, биография энтузиаста совершенно не изучена. Тем ценнее является энциклопедическая справка, которую любезно предоставил мне мой коллега Анджей Петржик (Andrzej Pietrzyk), за что я ему искренне благодарен:

Вацлав Каликст Бенькевич (родился 14 ноября 1863 года в Авизанце (Сейны повят), умер 2 марта 1928 года в Бресте) – польский ветеринарный врач. Выпускник Варшавского ветеринарного института с 1890 года. Профессионально работал в Сибири и Казахстане, а также во время обеих русских революций (Февральская и Октябрьская революции 1917-1920) в Оренбурге. С 1921 года в Польше, с 1922 года ветеринарный инспектор в Полесской губернии. В своей научной работе он специализировался на болезнях и скотоводстве, которым он посвятил многочисленные статьи. Он также изучал дику фауну Казахстана.

Фотографию В.И. Бенькевича я разыскать не смог. Возможно, поможет данная заметка.

Использованная литература

1. Бенкевич В.И. Киргизское степное скотоводство и меры его улучшения // Записки Семипалатинского подотдела ЗСО ИРГО. – Вып 1. – 1903.
2. Личный архив автора.
3. Степной край. – Омск. – 1894. – 5 мая
4. Семипалатинские областные ведомости. – 1904. – № 36
5. Постановления собраний уполномоченных г. Каркаралинска за 1898 год // Семипалатинские областные Ведомости. – 1898. – № 23.
6. Семипалатинские областные ведомости. – 1902. – № 42.
7. Голос Степи. – 1907. – 8 февраля
8. Бенькевич В.И. Тонкорунное овцеводство в Степном крае // Сибирские вопросы. – 1907. – №1.

ҒҰМАР ҚАРАШ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЖАҒДАЙЫ

Рысбеков Т.З., т.ғ.д., профессор,

Махсот Б.М., магистрант

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал қ., Қазақстан

XX ғасырдың басындағы карама-қайшылықты әрі саяси дүрбелең кезінде қалыптасып шыққан, ең бір жұмбақ және тағдыры талас тудырған қазақ қайраткерлерінің бірі – Ғұмар Қараш.

Ғұмар Қараш – ислам дінінің ишаны, ахуны. Бұл жоғары ғылыми дәреже [1, 60-6]. Арнайы жоғары дәрежеде діни білім алған қайраткердің қоғамдық-саяси көзқарастарында дін мен шариғат заңдарының ерекшелігі айқын көрінеді. Ерекшелігі сол, Ғұмардың қоғамдық көзқарасты өзгертуге бағытталған идеялары діни қағидалар мен шариғат заңдарының адамгершілік, гуманизм, қамқорлық, сүйіспеншілік пендеге қиянат жасамау сияқты қағидаларына негізделген және оның барлық іс-әрекеті сол қасиетті ұғымдарды насихаттау ісіне бағытталған.

Ғұмар Қараш ағартушы, ойшыл ақын. Ол Жалпақталдағы Ғұбайдолла Ғалікеев хазіреттен «мешіт ашып, молда болады» деген куәлік алып, өз ауылы Құрқұдыққа молда болып келеді. Сөйтіп, 1900 жылдары қазіргі Казталовка ауданына қарасты Қараоба жеріндегі Тіленшісай мекенінде медресесі бар мешітке ауысып, қазақ балаларын жәһидше оқытуды ұйымдастырады [2, 50-51-66.]. Кейін 1902-1908 жылдар аралығында Қазандағы Маржани медресесін бітіріп [3, 28-6], елге келген соң 1908-1910 жылдары Тіленшісай елді мекенінде мектеп ашып жәдитше оқу ісін жолға

қояды. Мәлімет көздері бойынша, Қазан қаласындағы медресе тарихын зерделеп қарағанда аңғарғанымыз: «Маржаниде» орныққан жәдиттік оқу бағдарламасы Қарашты кейінгі ағартушылық қызметіне үлкен ықпалын тигізеді.

Ғұмар Қараштың елге келгеннен кейінгі қызметі жөнінде зерттеуші М.Ысмағұлов «1907-1910 жылдар арасында Тіленшісай деген жерде, өзі молда болған медреседе балаларға дін оқуын оқытпай, орысша оқытуды ұйымдастырады. Ауылда асық атып, доп қуып жүрген қазақ балаларына бірден орысша оқу қиынға соғады деп, оларға қысқа мерзімде тіл сындыру үшін Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген Пангерей Ақыртов дегенді мұғалімдікке тағайындайды» [2, 51-6], - дейді. Кейін И.Кенжалиев, С.Өзбекұлы, М.Тәж-Мұрат, және т.б сияқты авторлар М.Ысмағұловтың бұл дерегін қолдай отырып, Ғұмардың жәдит (жанаша) тәсілімен бала оқытудағы жетістіктері туралы: «Оқушылары тез арада сауатын ашып, арабша, қазақша, татарша және орысша жазылған басылымдарды оқуға мүмкіндік алған. Мұндай батыл реформаторлық іс-әрекет дүмше молдалар мен үстем тап өкілдеріне ұнамағанын былай қойғанда, тіптен Ғұмар «ислам дінін бұзып, қазақ балаларын орыс қылды» деген айып тағып, байбалам салады деп пайымдайды [4, 51-6].

Міне, қадимшілердің Ғұмар Қарашқа қарсы осы әрекеттері жөнінде Е.Ысмайлов «Омар (Ғұмар) өзінің молда болып тұрған мешітінде ғылымға үндеу ағартушылық бағытында жұмыс жүргізе бастайды. Мешіт қасындағы медреседе қазақ балаларын ана тілінде және орыс тілінде бірдей оқытып, нағыз тұрмысқа пайдалы білім беруге кіріседі. Медресеге орыс-татар учительдерін шақырды және өзі де сол учительдерден оқиды. Омардың бұл сияқты прогресс жолына мықтап берілген әрекеттеріне елдегі қожа, молдалар және Уфадағы мұсылман муфтилігінің басқармасы қарсы шу көтеріп, мұны дінін бұзды, «кәпір» деп жариялап, ишандықтан, мешіт төңірегінен қуды [2 52-6], деген нақты түсінік береді. Алайда Ғұмар Қараштың Уфа, Қазан қалаларынан 1911 жылы «Балатұлпар», «Тумыш» «Қарлығаш», «Өрнек» деп аталатын төрт жеке кітабының жариялануы оның осы кезде ишан-молдалармен айтысып жүрсе де, қазақ балаларын жәдитше оқытуды жалғастырып, шығармашылық белсенді еңбек еткенін көрсетеді. Дегенмен, бұл кітаптарының жария болуы дүмше молдалардың Ғұмарға қарсы күресін одан әрі үдете түседі.

Жұмағали Жанарыстанұлы Тіленшісай ауылына жақын Қараобада уездік молда болған «Ойға келген пікірлерім» сияқты еңбектеріне қарсы болып, Қазан қаласында «Раддия» («Гойтарма») деген атпен кітап шығарады. М.Ысмағұловтың жазуынша, сол жылдары «Раддия» алты рет қайта басылым көреді. Қазіргі күнде соның 1914 жылғы 2 қазанмен белгіленген екінші басылымы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында сақталған [3, 61-6].

Өлең жолдары түрінде жазылған бұл кітапшада «Фікірлер» мен «Өрнек» кітабы сынға алынады. Ғұмардың дыбыспен оқытатын ұсыл жәдит әдісімен бала оқытқаны, «Ұзақ күнде ораза тұтуға болмайды» деп ауыл қарттарына күндіз ауыз аштырғаны, жігіт-желең, қыз-қырқын жинап домбыра шертіп, ән салғаны және құрбан айтта құрбандықты малдай шалмай, оқу қажетіне деп сатып ақшалай беруді насихат еткені сынға алынады [2, 37-6].

Осы орайда Сәбит Мұқанов «Омар (Ғұмар) осы кітабынан кейін хадімшілік, дін жолымен ашық күресіп, кейінгі шығармаларында үнемі жәдитшілдікті дәріптеді» [4, 106 -6], - деп пайымдады.

Ғұмардың пікірінше «Надандық, қараңғылық, жалқаулық кесірінен дініміз де құлдырап кетті. Дінімізді де дұрыс ұстай алмай, дүниеде дінінен айырылып қалу қаупіне жеттік. Демек, дінімізді қалай қалпына келтіреміз, қалай дамытамыз? Бұл жайында әр түрлі көзқарас бар. Біреулері өнер, білім арқылы жетілдірейік десе, біреулер дінді өзгерту керек дейді. Қорыта айтқанда, ежелгі ислам діні жолын дұрыс ұстай білуіміз керек», - деп қазақ қоғамына шарият заңдарын енгізіп, орнықтыру арқылы көшпелі халықты имандылыққа баулуға болады деген ой ұсынды.

«Бұ күндерде, - деп жазады Ғұмар, елдің тұрмысы өзгерді. Әлбетте тұрмыс өзгерсе, әдет-ғұрып та тез өзгереді. Сол себепті ол заманда лайықты болған заттардың көбі бұ заманға жарай бермейді». Осыған байланысты ол шарият заңдарының да заманға сай өзгеріске ұшырайтын ілім екенін нақтылы дәлелдермен дәлелдеп, өзіндік жаңа түсініктер қалыптастыруға тырысады. Мәселен Қатты ұйқыда жатқан қандас, діндес халқымызды ояту үшін масадай ызындап, шыбындай шағып қарау міндетіміз. Бұған да оянбаса, Замана деген темір таяқтың ұшы жанды жерлеріне тиген күні қалай секіріп тұрғандықтарын өздері де білмей қалар. Бірақ ол күнде қатты оятқандықтан басы айналып, меңіреуленіп, жан-жағында жақын тұрған отқа, суға түсіп кетуі, болмаса беті бүркеулі жатқан қақпандарға ілініп, алымды айлакерге жем болуы да ықтимал. Ынсаф таразысы қолында болған оқушылар мақсатқа түсінер, сөзге жамандамас. Діннің хақиқат уә пәлсапаларынан қашық қалып, баққандары тарихтың жолына бөгет салу болған адамдармен ешбір алыс-берісім жоқ, - деп ойын ашық айтады.

Бұл жөнінде Е.Ысмайлов: «Омардың ишандығы сырт жағынан дін қызметі болғанмен, мазмұны халықты ағарту, жаңалыққа шақыру болып шығады,» - деген түсінікті пікір түйеді.

Демек, ағартушы Ғұмар Қараш ислам дінінің тәрбиелік маңызын «Біздің халқымыз ахирет дінді ұстаса, біз надан, жалқау боп қараңғылықта қалмаған болар едік, ұрлық, қиянат, арақ ішу, карта ойнау сияқты халықты бұзатын қылықтардан ада болар едік. Демек, шын дінді тұтсақ, әлем алдында масқара болмаймыз. Жоғарыда айтылғандай жаман мінез-құлықтардан аулақ болған болар едік. Ақиқат дін жолымен жүріп тапқан киім-кешек, тамақ, үй-жай сияқты иіліктеріміз адал болады да, өзге жолмен тапқан нәрселеріміз арам болады. Қайталап айтамын, ақиқат дін еш адамның желеп-жебеуіне мұқтаж емес, ал діннің өзі адамдарды дұрыс сақтай алады, дұрыс жолға бағыштайды деп дәлелдеген шындық. Құранда осылай айтылған», - деп бағалайды. Сонай-ақ ол «надандық, қараңғылық жалқаулық кесірінен дініміз құлдырап кетті. Дінімізді де дұрыс ұстай алмай, дүниеде діннен айырылып қалу қаупіне жеттік, Қорыта айтқанда, ежелгі ислам діні жолын дұрыс ұстай білуіміз керек» [3, 178-б], - деп пайымдайды.

Ғұмар Қараш еш уақытта ислам діні негізіне, имандылық жолға қарсы шықпаған, қайта оған «Құран каримнің айтуы бойынша дін жалған нәрсе емес, адамдардың шын табиғи сенімі. Бұған қарағанда ешқандай адам дінсіз өмір сүре алмайды» деп құрметпен қараған. Немесе «Ислам қауымындағы бірқатар адам нақты, ақиқат дін жолын тұтпай, дінді теріс ұғушылар пікірін малданып, қараңғылыққа, надандыққа қарай бет алды. Біз оларға: «Сіздер құдайдың нақ дұрыс жолына түсуге әрекет етіңіздер, теріс пікірлерге алданған істеріңізден дұрыс қорытынды шығарыңыздар» [1, 147 б, - деп жол көрсетеді.

Бұл орайда Е.Ысмайлов «Ғұмарқожа, моллаларды, ишандарды батыл, әшкерелеп отырады, бірақ ислам дінінің негізін бекерлемейді. Құранды пайғамбаржолын дұрыс, бұлжымайтын қағида деп біледі» [5, 98-п], - деп Ғұмардың ислам дініне көзқарасын айқындап көрсетеді

Немесе ол «Біздің халқымыз ақиқат дінді ұстама, біз надан, жалқау боп, қараңғылықта қалмаған болар еді, ұрлық, қиянат, арақ ішу, карта ойнау сияқты халықты бұзатын қылықтардан ада болар едік. Демек, шын дінді тұтсақ әлем алдында масқара болмаймыз. Жоғарыда айтылған жаман мінез-құлықтардан аулақ болар едік [3, 176-б], - деп діннің қоғамдағы тәрбиелік маңызына мән береді. Бұл бүгінгі имандылыққа бет бұрған тәуелсіз қазақ елінің жастары үшін, діни ағартушының құны жойылмаған қағидалы тұжырымы болып табылады.

Бұл орайда Ғұмар Қараш 1911-1913 жылдар аралығында «Қазақстан» газетінде қызмет ете жүріп «Бәдел хаж» атты жаңа кітабын жазды. Қазандағы үміт баспасынан 1913 жылы жарық көрген кітап ислам шариғатының ел ішінде бұрмаланып жүрген көкейкесті мәселелеріне түсінік беруді мақсат еткен. Кітаптың атынан көрініп тұрғандай қарастырылған басты мәселе-Меккеге қажылыққа бару.

Сәл шегініс жасап, тарихқа жүгінсек қазақта қажылыққа бару сонау Алты Орда дәуірінен басталған екен. Қажыға барған қазақтар тарихын зерттеген Қалмұхан Исабай мен Сапар Байжан-ата келтірген мұрағат деректеріне қарағанда XIX ғасырдың 60-70 жылдары Меккеге сапра шеккен жиырма жеті қазақ белгілі болып отыр. Соның жиырма төрті-Бөкейлік қазағы. Оның сегізі-Тарғын қисымынан... Жалпы қажы сапарының негізгі легі Меккеге бару өкімет тарапынан заңдастырылған 1900 жылдан басталады. Ал 1880-1908 жылдар аралығында үй – іші мен ағйын туыс боп барғандардың жалпы саны 176 адам екен. Соның он екісі-Ішкі Орданан [2, 112-б].

Міне сол кезеңде елде кең етек алған осы қажылық сапары туралы Ғұмар: «Болмашы бір себептермен басталып, елдің надандығы арқасында өршіп, күшейіп кеткен нәрселер бізде көп. Ғылым, ағарту сияқты еліміздің көзін ашып алға жіберетін орындарға жұмсалуды тиіс болған қаржы қорлардың құран шариғат (қасиетті-Б.Б) бұйырмаған шариғат негізі ыспат (дәлел-Б.Б) жерлерге шашылуы бұ шығарманы жазуға мені күштеді», - деп түсіндіреді де, одан әрі көпшілікке айтар ойын: «Ол ақшаны бәд елге ысырап қылғанша еліндегі тиісті орындарға сарп етуі керек. Ол ақшаға мектеп салып, мұғалім сақтау керек, ол ақшаны мұқтаж көрші хәм жақындарына беріп, аштықтан, жалаңыштықтан сақтау керек. Хақ шариғаттың жолы, «бір кісіні тұрғызу бүтін адамды тұрғызу менен бара бар» деген Құран Каримнің бұйрығы да осы, байлар малын, моллалар уағызын, білгіштер пікірін, ділмарлар шешендігін осындай елге

Зарарлы нәрселерді қалдырып, татулық, тыныштық, адал кәсіп секілді пайдалы нәрселерді жоюға жұмсаса, бұл ел азбас, тозбас еді. Көзі ашық елдердің қолданған жолы осы. Оларда білік, дәулет, мүлік құла далаға шашылмайды» [5], - деп пайымдайды.

Хәкім Әжікеевтың естелігінде Ғ.Қараштың осы «Бәдел хаж» еңбегін жазудағы мақсатын: «Елде дін саудасы өріс алды. Шәріп қажы, Қали қажы дегендер хажы ете алмай өлген байлардың балаларына «екең үшін мен хажы етіп келейін, сауабы сізге барады, екең құдай алдында борышты болмайы» деп азғырып отырып саудаласады, пәлен мыңға келіседі. Дүниесін алады, хажыға барады,

келеді. Надан халық осы сырқауға желге желінгендей елігіп, ұжмаққа айналған молдадай айналып, бала-шағасының нәсібін кім көрінгеннің қолында кетіріп, ақыры тақыл жыр боп кедейлене бастағанын көрген Шәңгерей мен Ғұмар шыдамай, «Бәдел хажды» шығаруға мәжбүрлеген. «Ол ақшаны бәделге ысырап қылғанша өз еліндегі тиісті орындарға сарып ету керек. ол ақшамен шәкірт оқыту керек. Ол ақшаға мұғалім сақтап, мектеп тәрбиелеу керек» дегенді уағыздаған [5], - деп анық жазады. Жоғарыда айтылғандай кітаптың жарыққа шығуын Шәңгерей қаржылай көмек береді. Кітаптың соңында «Таратушы» деген тұстағы «Татар тіліне аударып таратам деушілер болса бізден тоқталыс жоқ», деген жазудың өзі бұл істегі Ғұмар мен Шәңгерейдің бірлестігін анық аңғартады.

Ғұмар Қараш бұл кітабында бәдел хажы туралы ой толғамдарының барлығын діни-адамдардың сөйлеу, жазу ыңғайымен араб, парсы, татар сөздерін қолдана отырып, жан-жақты түсіндіріп береді. Мәселен біреу екінші біреудің сауап күнәсін көтеріп алуға бола ма? Хажыға өзі бармай, қаражатын беріп кісі жіберуге бола ма? Қаза (өткен, борышты-Б.Б) намазды өзге адам өтей ала ма? Ғұмардың пікірінше, бұл мәселердің барлығы да Құран Каримді, шариғат жолын дұрыс түсінбеуден шыққан жаңсақ сөздер, елдің білімсіздігінен тараған жалған қағидалар. Жағдайы келмейтін адамның хажыға баруы міндетті емес. Мал, қаржы күшімен бармай-ақ хажылықты өтеуді де, не жаннатқа кірмек боп мал, қаржы беруді өсиет етуді Ғұмар барып тұрған жөнсіздік санайды. Ұзын сөздің қысқасы дей отырып, ол өз ойын былайша түйіндеп береді: «Бәдел хаж парыз емес, уәжіп емес, сүндет емес, ең болғанда пайдасыз бір ғамал. Тіршілікте хажға күші келсе, әркім өзі баруы керек. Ал, енді қай ретпенен болса бара алмай қалса бәдел жіберіп еш нәрсе бітпейді» [1, 205-6].

Міне, өз кезеңінің озық ойлы діни ағартушысы Ғұмар Қараш қазақ халқына бәдел хажы мәсіелесін шариғат жолымен ұғындыруға тырысады.

Х.Әжікеевтың естелігіндегі «Бәдел хажға» ат салысам бір рет өзімнің де молдалардың арасына түсіп қалып, таяқ жегенім бар» [5] дегеніне қарғанда, молдалардың Ғұмарға деген өшпенділігі күшеі түскен сыңайлы.

Алайда Ресейдегі жәдидшілер тарапынан «Бәдел хаж» жоғары бағаланып, 1914 жылы «Айқап» журналы: «Біздің қазақ арасында бәделхаж жіберу өте көбейіп кеткен бір заманда, мұның шариғат бойынша дұрыс еместігі Құран аяты, пайғамбар хадисімен ашық қазақ тілінде түсіндіріліп жазылған кітап көптен керек еді. Бұл күнге шейін талапты ғалымдарымыз болмағандықтан болса керек, бұл керегіміз табылмай тұр еді. Ғұмар Қараштың бұл керегімізді тауып бергеніне мың мәртебе «тәңірі жарылғасын» айтсақ та аз. Бұл мырзамыз осы кітабыменен жалғыз біздің қазаққа ғана емес, жалпы-ноғай бауырларымызда бірінші әйгені алып отыр. Қазағымыздың да мұндай терең пікірлі ғалым шыққанына көңіліміз көтеріліп қалады. «Бәдел хажды» әркімге алып оқуға кеңес береміз. Жазу білетіндер оқу білмегендерге түсіндірсе, жұртымызға терең тамыр жайған, неше мың сомдардың орынсыз ысырапқа кетуіне себепші болған бәдел хаж мүлдем бітпесе де, азырақ кемі деп үміт етеміз [89], - деп жазды.

Жалпы діни ағартушы Ғұмардың пікірінше, қоғамдағы жағымсыз көріністер мен құбылыстар негізінде екі нәрседен қалыптасады. Оның біріншісі, шариғат заңын, ислам дінін таратушы, насихаттаушы адамдардың бақсылыққа салынуы, мұсылмандық қағидаларды жетік түсінбеулері және шариғат заңдарын саналы түрде бұрмалап, баю үшін пайдалануы.

Екіншіден, шариғат заңдары мен дін талаптарынан туын дайтын, имандылықтың негізінде қалыптасқан тақуалық, ар ождан көркінің, келбетінің қазақ қоғамында билік дәрежеде болуы. Ғұмардың ойынша, мемлекетте бұл қасиеттер дағдарысқа ұшыраса, ел ішінде қылмыс, теріс қылықтар мен жағымсыз көріністер еселене түсетінін дәлелдеп, ол осы тұрғыда өз ойын былайша қорытады: «Кісіні әрбір осалдығынан ұяты ғана тияды. Кісі өлтірмек, шіркеу бұз ойнас қылмақ және басқа әр түрлі жаман істерді істеу жеңіл, ол әркімнің қолынан келеді. Егер бұл істерге ұяты ара тұрмаса. Демек, осы айтылып өткен қағидаларды тұта алмағандықтан ислам халқы, әсіресе, Россиядағы түркі халықтары өзінің қыздарын мықты ұстайды. Бірақ мықты ұстаған сайын бұзықтық өсіп бара жатыр. Оларды ақыл, ұят арқылы ғана ұстауға болар. Ұзын сөздің қысқасы, кісі болайын десеңіз, адамдармен қарым-қатынас жаса. Төрт аяқты аюандар дәрежесінде қалғын, келсе, өзін біл. Әркім өзін-өзі ұстай білсін [1, 170-6].»

Ағартушының пікірінше, фәни дүниеде, тіршілікте шариғат заңдары мен талаптарын ерікті түрде саналылықпен орындамаған адамдардың дін жолымен, құдай занымен жазаланатынын тілге тиек ете отырып, адами қасиеттерді әрқашан үстем болуын қалайды. Тірлікте адам өмірі байлықпен өлшенбейді. Шариғат заңы, дін алдындағы тазалық, адамгершілік, қарапайымдылық танытқан пенде ғана алла нұрына бөленбек. Себебі шариғат заңы жеке адамның кіршіксіз таза болуына жол салатын нормалар жиынтығы деп түсіндіріледі.

Ғұмардың діни көзқарасы бойынша, құдай орнатқан заң, ешқандай жаңару идеясын қажет етпейтін катып қалған қағида емес. Ол шариғат заңдарынан мүлдем бей хабар қалған молдалардың ескішіл көзқарасын айта отырып, жаңа оқу, ғылым, білімді меңгеруді құдай заны жоққа шығармайтындығына шек келтірмейді.

Ғ.Қараштың мұғалімдік қызметі жөнінде 1946 жылы жазылып, Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар бөлімінде сақталған Хәкім Әжікеевтің естелігінде: «Ғұмарды ертеден, 1907 жылдан білемін, Ғұмардың сонда да мектебі, яғни медресесі болды. 1909-1910 жылдары Ғұмар мектебінде оқытушы болып істедім. Өзі молда әрі мұғалім еді. Медреседе жәдитше оқыды, табиғаттану, жаратылыстану, орыс тілі пәндері оқытылды. Ғұмармен жиі кездесіп жүрдім, сыпайы амандасатын, қонақжай еді. Қазақтың ұзақ амандасуын ұнатпайтын, «бос уақыт өткізу», деп эзілдейтін. Барғанында, казакша сыртқа шығып, қарсы алып, көлігінді өзі дізгінінен жетектеп, бақанға байлайтын. Сосын өзі бастап үйге кіретінбіз. Үйінде ән салып, дом быра тартады. Ғұмар жаратылыстану жөнінде білімін өне бойы оқып, толықтырып жүретін», – дейді. Сонымен бірге Ғұмардың шәкірттері туралы да: «Әр жерден келген 40-50 шәкірті болды. Шәкірттерін жаңаша баули бастады. Бас шәкірттерінің бірі Ахмади Есқалиұлы дегенді елең айтуға баулыды. Мәдени кештерін ұйымдастырды. Ол кештерде өлең айтысады. Бірін-бірі сынады. Өлең айтыста Ахмади басым бола береді. Бұның шәкірттері көпшілігі заманадан хабардар, жақсы адамдар болып шығады» [82, 18-6.], - деген мәліметтер береді

Демек, жоғарыдағы Х.Әжікеев айтып отырған Ахмади Есқалиевтың ұстазы Ғұмар Қараш жөнінде жазған естелігінде: «Мәжіліс сүйгіш, алды кен, кішіпейілді, ашық пікірлі. Алғашқы кезде оқушылар өлең жырды керсетпей жазысып, оқып жүретін болса, соңын ала өзімен өлең жазы сатын болды [10, 21-6.], - дейді. Бұл Ғұмар мен шәкірттер арасындағы қарым - қатынасын қарапайым болғанын аңғартады. Ұлт жанашыры Ғұмар Қараш туралы құнды беруші – Хаким Әжікеев Ғұмардың туысы. Ғұмар Қараның 4 баласының бірі Әлдейден тараса Әжікей үшінші ұлы Ақбурадан өрбиді. Ғұмар Борса ауылына шектес Самара губерниясына қарайтын Малоузенск, Новоузенск (қазақтардың алдыңсын Қакташ, соғысың Шортанды атаған болған) қалаларындағы орыстар зиялыларымен тығыз байланыстар жасап тұрады. Шежіреші Т.Жүнісовтың дерегіне сүйенсек, Ғұмар сол ағайыны Қабылетов Әжікейден туған Садық, Асқар Хакім әйел Шәкір дейтін 4 ұлды Новоузенскидегі орыс мектебіне оқытады. Ғұмар оқытқан Садық кейін Оңтүстік Қазақстан облыстығы ҚКП комитетінің хатшысы, ал Хәкім ҚазМУ - де Араб тілінің оқытушысы болып қызмет етеді

Сонымен 1902-1912 жылдардың аралықтарында Ғұмар Қараштың Жәдитше бала оқыту ісімен бірге шығармашылық өнімді еңбек еткеніде анық аңғарылады. Өйткені ақынның қазақ халқын өнері, білім, ғылымға үндеп жазған «Қарлығаш», «Ту тышқан», «Бала тұлпар», «Өрнек» еңбектері – осы тұста дүниеге келген туындылар. Бұл пікірге зерттеушілер М.Ысмауловтың: «Омардың өлеңдері мен мақалалары 1907 жылдардан бастап, қазақ, татар тілдеріндегі журналдарда үздіксіз басылады» [5, 94 - б.], сондай-ақ М.Тұж-Мұраттың: «1909-1911 жж. аралығында журналда «Ғұмар қарашы», «Бөкей еліндегі бір жігіт», «Бөкей елінің бір баласы» деген атпен он бес мақала, өлең, ал журнал жариялаған тібәйгесінің қорытынды жинағы – «Тіл ярышы» кітабында (Орынбор 1911) үш мақаласын жариялаған. Ғұмардың ең көп жарияланған жері – «Шура» журналы болды 2, 33 б.), - деген деректер дәйек болады. Демек, Ғұмар Қараш шәкірттеріне сапалы білім берудегі сан алуан дүниелік пәндерді атай отырып, ғалым бүкіл адам-зат игілігі, сондықтан қай тілде болсын, ғылымды меңгеру мұрат дейтін тұжырымды ой ұсынады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Кенжалиев И.Н. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1916-1920 жж). Тарихи очерк. – Орал: БҚМУ баспаханасы, 2000. – 144 б.
2. Бораңбаева Б.С. Ғұмар Қараш. Қоғамдық-саяси қызметі. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. - 232 б.
3. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш (Өмірі мен шығармашылығы). – Ақтөбе: А-Полиграфия ЖШС, 2004. -384 б.
4. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың. Тарихи очерктер. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 186 б.
5. Қараш Ғұмар. Қазақтар хақында. – //Шура, 1911. №10., 1932.